

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТ**

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ**

**Тексерген: Байтерекова К.Б
Дайындаған: Қартбаева Ж.Қ**

Жоспар

1.Құқықтық сана қазіргі
болмыстың бейнелеу нысаны
ретінде

2.Құқықтық сананың
құрылымы.

Құқықтық сана және құқықтық мәдениет



Құқықтық сана

- Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, олардың қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтың сезімдерінің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағдарламаларының жүйесі.

-Құқықты
түсіну

-Құқықты
белгілеу


-Құқықты
күрметтеу

Құқықтық
сана сезім
белгілері:

-Құқықтың
талаптарын
бұлжытпай
орындау

-Құқықты
сақтауға
дағдылану

-Құқықтың
дұрыстығына
және әділдігіне
сену

 MyShared



Prezi



1. Танымдық міндет құқықтық шындық құбылыстарын субъектінің құқықтағы мәнділігі мен тиістілігі туралы түсініктері тұрғысынан ой елегінен өткізуден тұрады.

2. Бағалаушылық міндет құқықтық шындық құбылыстарын ұқсастыруда, оларды реттеудің нақты ережелерімен сәйкестендіруде болып табылады.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары:

- халықтың құқықтық білімін арттыру;
- сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту;
- қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана сезімін көтеру;

Құқықтық сананың белгілері:

Құқықтық сананың белгілері:


Құқықтық сананың белгілері:

Құқықтық сананың белгілері:

Құқықтық сананың белгілері:


- құқықтық сана, экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқада мүдделер құқықтық болып ұғынылатын, қоғамдық сананың ерекше түрпішіні; адамдардың әрекет етіп отырған және ойындағы, тілегіндегі құқыққа деген қатынасын білдіретін мұраттар, теориялар, сезімдер, көңіл-күй, тұжырымдамалар құқықтық сананың мазмұнын құрайды; құқықтық сана еткен шақтағы, осы шақтағы және адамдардың ойындағы, арманындағы, тілегіндегі құқықтық тәртіпке, құқыққа деген қатынастарды білдіреді.





Құқықтық сананың реттеуші қызметі: құқыққа сәйкес не теріс қылық түрінде көрінетін жеке тұлғаның мінез-құлық реакциясын қалыптастырады. Жеке тұлғаның жоспарланатын мінез-құлық реакциясы оның құқықтық бағдарының бағытына, яғни оның нақты бір жағдайдағы мінез-құлығын анықтайтын құқықтық қондырманың жиынтығына тікелей байланысты.





Кәсіптік құқықтық сана сенімнің, дәстүрдің, таптаурынның негізінде заңгер-практиктерде калыптасады. Заңгер-практиктер күнделікті өмірде тікелей заңмен, құқықпен жұмыс істеп жүргендіктен, заңдарды өңдеуге, қабылдауға араласып жүргендіктен, кәсіптік құқықтық сана құқықтың дамуында, құқықтың қолданылуында үлкен рөл атқарады. Кәсіптік құқықтық сана, көп жағдайда елдегі заңдық практиканың барысында қалыптасқан дәстүрдің, заңдық білімнің сапасын бейнелейді.



Құқықтық мәдениет: уғымы, құрылымы, міндеттері. «Мәдениет» термині ғылыми айналысқа көптен бері енгеніне қарамастан оның мазмұнының нақты, дәл бір баламасының болмауына байланысты, түсіндірудің бірнеше жолдары сақталған.

«Мәдениет» термині латынның *colere* - егу, өндеу, өсіру деген сияқты мағына беретін сөзінен пайда болған. Тек XVIII ғасырда ғана мәдениет термині адамның мәнерін, үлгісін, оқығандығын сипаттауға қолданыла бастады. Әуелгі баста мәдениетті деп ақсүйектерді санаған. Кейін келе бұндай түсінік жойылды.

Біртіндеп мәдениет белгілі бір әлеуметтік топқа ортақ сенім, құндылық және олардың көріну түрпішіні ретінде қалыптаса бастады. Аталған құралдардың көмегімен мәдениет тәжірибені, адамдардың мінез-құлығын тәртіптендіреді. Сонымен бірге мәдениет мінез-құлықтың қоғамдық пайдасы не қоғамға зиян жақтарын реттейді.



Құқықтық идеология-қоғамда жоғары деңгейде бейнеленген құқықтық көзқарастар, идеялар және теориялардың ғылыми негізде жүйеленген жиынтығын айтады. Құқықтық идеологияның өзіне тән ерекшеліктері бар:

1. Құқықтық идеология негізінде мемлекеттің жүргізген саясатының негізінде қалыптасып билікке ие болған ұлттың, таптардың, топтардың мүдделеріне тікелей байланысты болып қалыптасады. Мысалы, Кеңес мемлекетінің жеке меншікті тәркілеу саясаты, бір ғана идеологияны қалыптастыру, коммунистік партияның диктатурасын орнату, еркін пікір, плюрализмге жол бермеу, жаппай репрессия қолдану сияқты саясаты қоғамдағы құқықтық идеологиядан да өзінің шешімін тапты.

2.Құқықтық идеология тікелей немесе жанама болса да қоғамдық және жеке адамның санасынан орын тебеді.

3.Құқықтық идеология мемлекетке жүргізілген саясатқа байланысты халықтың санасына гуманистік-демократиялық, реакциялық немесе діни ұстаным, бағыттарды міндеттеуі мүмкін.

Сондықтан саяси процестер мен қақтығыс, шиеленістер әрқашан құқықтық идеологияға тікелей әсерін тигізіп отырады.

Құқықтық психология-әлеуметтік топтардың, жеке адамдардың құқық пен құқықтық құбылыстарға деген сезімдерінің, хал-ахуалдарының негізінде стихиялық түрде пайда болатын жиынтығы.


1. Құқықтық психология топтардың, жеке адамдардың күнделікті өмірлері мен қызметтерімен сырттан қабылдаған ақпарат негізінде қалыптасады және қоғамдағы өзгерістерге байланысты өздерінің пікірлерін мінез-құлық арқылы білдіріп отырады.

2.Құқықтық психология негізінде заңдылықтың даму қағидасы бойынша құқықтық идеологияға жанасу бағытын көздейді. Себебі құқықтық идеология кең, қоғамның барлық саласына әсер етеді.

3.Құқықтық психология әр адамның санасының ажырамас бөлігі, тыныс-тіршілігінің көрінісі болса, құқықтық идеологияны қоғам, жалпы мемлекет қабылдаған.

Құқықтық мәдениет – белгілі бір мемлекеттік діни, этникалық қауым мүшелері қабылдаған, олардың қызметін реттеу үшін пайдаланылатын құндылықтар, құқықтық идеялар, сенім-нанымдар, мінез-құлық қалыптары, құқықтық дәстүрлер жүйесі. Бір мемлекет шеңберінде бірнеше құқықтық мәдениет болуы мүмкін. Әсіресе бұл көп ұлтты, көп дінді қоғамдарға тән. Көп ұлтты Қазақстанда қазақы әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік құқықтық мәдениеттен басқа орыстардың, т.б. ұлттардың әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік құқықтық мәдениеті, мұсылмандық, христиандық, т.б. діни құқықтық мәдениет қалыптасқан.

МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК



Мәдениет (латын. *Cultura* - өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) -

табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді.



• Құқықтық мәдениетінің
факторлары:

- құқықты шын мәнінде қажетсіну;
- елдегі заңдылықпен құқықтық тәртіп жағдайы;
- қоғамдағы заң ғылымы мен заң бөлімінің даму дәрежесі;

Назарларыңызға рахмет!



Prezi